И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің бастауыш әдіс бірлестігінің отырысы
Күні: 28.08.2024
Құрамында бар: 14 мұғалім
Қатысқаны: 14 мұғалім
ХАТТАМА № 1
I. Күн тәртібінде:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған бастауыш әдіс бірлестігінің жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
2. Мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын (КТЖ) тексеру және бекітуге ұсыну.
3. «Күнделік» электронды журналын жүргізу талаптары және нормативтік құжаттармен таныстыру.

II. Тыңдалды:

1-мәселе бойынша бастауыш әдіс бірлестік жетекшісі А.Хасенова сөз алып, жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды. Ол білім сапасын арттыру, жаңа педагогикалық технологияларды енгізу және мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтеру бағытындағы негізгі міндеттерді атап өтті.
2-мәселе бойынша бірлестік жетекшісі мұғалімдердің КТЖ-ларын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (МЖМБС) сәйкестігі тұрғысынан қарап шыққанын айтты. Оқу бағдарламаларының уақытылы орындалуын бақылау мақсатында жоспарларды мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарына бекітуге ұсыну қажеттігін білдірді.
3-мәселе бойынша хатшы А.Бегалиева сөз сөйлеп, электронды журналды толтырудың бірыңғай талаптарын, сабақ тақырыптары мен үй тапсырмаларының уақытылы жазылуын бақылау ережелерін еске салды.

Қаулы:

1. Бастауыш әдіс бірлестігінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары мақұлдансын және бекітілсін.
2. Мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары бекітуге мектеп әкімшілігіне ұсынылсын.
3. Электронды журналды жүргізу барысында нормативтік талаптар қатаң сақталсын.

Әдіс бірлестік жетекшісі: _____ А.Хасенова

Хатшы: _____ А.Бегалиева

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің бастауыш әдіс бірлестігінің отырысы
Күні: 7.11.2024
Құрамында бар: 14 мұғалім
Қатысқаны: 13 мұғалім (1 мұғалім ауруына байланысты)
ХАТТАМА № 2
І. Күн тәртібінде:

1. І тоқсандағы БЖБ және ТЖБ кестелерін нақтылау, жиынтық бағалау тапсырмаларының мазмұнын сараптау.
2. Бастауыш сынып оқушылары арасында пәндік олимпиаданың мектепішілік кезеңін ұйымдастыру және өткізу.
3. 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу (адаптация) үдерісінің барысы.

ІІ. Тыңдалды:

1-мәселе бойынша бірлестік жетекшісі А.Хасенова І тоқсанда өткізілетін БЖБ және ТЖБ кестесін таныстырды. Ол жиынтық бағалау тапсырмаларының оқу бағдарламасының мақсаттарына сай болуын және мұғалімдердің балл қою кезінде қателіктерге жол бермеуін талап етті.
2-мәселе бойынша хатшы А.Бегалиева бастауыш сыныптар арасындағы пәндік олимпиаданың ережелері мен өткізілу мерзімін хабарлады. Дарынды балалармен жұмысты жандандыру мақсатында тапсырмалар дайындау мұғалімдерге жүктелді.
3-мәселе бойынша 1-сынып мұғалімдері сөз алып, балалардың мектеп ережелеріне бейімделу деңгейі, психологиялық дайындықтары және оқу белсенділіктері туралы қысқаша есеп берді.

Қаулы:

1. І тоқсанның БЖБ және ТЖБ кестесі бекітілсін, тапсырмалардың сапасы бақылауға алынсын.
2. Мектепішілік пәндік олимпиаданың тапсырмалары 10 қазанға дейін дайындалсын.
3. 1-сынып оқушыларының бейімделу кезеңін сәтті аяқтау мақсатында мектеп психологымен бірлескен жұмыстар жалғастырылсын.

Әдіс бірлестік жетекшісі: _____ А.Хасенова
Хатшы: _____ А.Бегалиева

Хаттама № 4

12.01.2025 жыл
№5 мектеп-лицейі

Қатысқаны: 14
Қатыспағаны: —

Күн тәртібінде:

1. Бастауыш сынып бірлестік мұғалімдерінің электронды «Күнделік» жүйесін уақытылы толтыру жайлы.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қазақ тілі пәні бірлестік жетекшісі **А.С.Хасенова** сөз алды.

Біздің күнделікті құжатымыз «Күнделік» журналын уақытылы толтыру біздің басты міндетіміз болып саналу керек. Бұл біздің білім алушыларға білім беруде, білімді бағалауда, өз жұмысымыздың уақытылы жүргізілуін көрсететін дәлелді құжатымыз деп айта аламын. Тоқсан бойынша сыныптар бойынша өтілетін тақырыптың толтырылуы, жазылуы, үй тапсырмасы беріліп, уақытынан (минут) белгіленуі, күнделікті формативті бағалаудың шынайы жүргізілуі біздің пән бірлестік мұғалімдерінің әрқайсысы жіті бақылауда ұстап, жұмыс уақытында сапалы түрде қате жібермей уақытылы толтырып отыруларың қажет. Әрбір мұғалім немесе ертеңгі күні сағат 13.00-ге жоғары болу керек деп санаймын.

Дейін қою:

1. Әрбір мұғалім күнделікті электрондық журналды уақытында толтыру;
2. II тоқсан бойынша сабақ тақырыптарын, үй тапсырмасын толтыру;
3. Формативті бағалауды сабақ үстінде жүргізу немесе ертеңгі күні сағат 13.00-ге дейін қою;
4. БЖБ және ТЖБ бойынша балл жүйесін алғаннан 5 күн ішінде қойылуы;
5. ҚР-ның Білім және ғылым министрінің 2017 ж. 24 сәуірдегі №182 бұйрығына сәйкес үй тапсырмаларының уақытын I-IY тоқсан аралығын қамти отырып жасау;
6. Үй тапсырмаларының уақыты сыныптар бойынша көрінуі керек. 2 сынып бойынша 50 минут, 3-4 сыныптар 70 минут.
   Сіздер осы хаттамамен таныса отырып, жұмыс уақытында өз жұмыстарыңызға жауапкершілікпен қарап, қате жібермеуге тырысу керек деп ойлаймын. Уақытылы толтырылмаған күнде мектеп әкімшілігі тарапынан сіздерге ескерту, «шара» қолданылатынын ескертемін. Осы таныстырылыммен таныса отырып, төменге қолдарыңызды қоюға шақырамын.

Қаулы:

1. Мұғалім еңбегінің басты айнасы, мұғалім жауапкершілігін арттыратын күнделік журналын уақытылы бастауыш сынып мұғалімдері толтырып отыруын басты назарда ұстау бірлестік жетекшісі **А.С.Хасеноваға** жүктелсін.
2.

Бірлестік жетекшісі: А.С.Хасенова

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің бастауыш әдіс бірлестігінің отырысы

Күні: 05.04.2025
Құрамында өсті: 14 мұғалім
Қатысқаны: 14 мұғалім

ХАТТАМА № 5

І. Күн тәртібінде:

1. Білім алушылардың БЖБ, ТЖБ кестесі, білім сапасы.
2. Пәндік олимпиада, ғылыми жоба нәтижесі.
3. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру, үлгерімі нашар оқушылармен жүргізілген жұмыстар.
4. «Үздік педагог», «Педагогикалық идеялар фестивалі», «Педагогикалық оқу» байқауына қатысушылар кестесі, дайындығы.

ІІ. Тыңдалды:

1-мәселе бойынша ІІ-тоқсан қорытындысы бойынша жүргізілген жұмыстардың есебін бастауыш әдіс бірлестік жетекшісі Хасенова Амангүл баяндады. Әр пән бойынша тоқсандық жиынтық бағалау құжаттарының нәтижелерін талдаулау үшін мұғалімдердің уақытылы жасалуын тапсырды. 2-4 сынып мұғалімдері жиынтық бағалау кестесіне сәйкес БЖБ, ТЖБ жұмыстарын толық аяқтады.

2-мәселе бойынша бастауыш әдіс бірлестік жетекшісі Хасенова Амангүл олимпиада, ғылыми жоба нәтижесіне тоқталып өтті. Қалалық ғылыми жобадан ІІ орын- 1 оқушы, ІІІ орын- 3 оқушы иеленді.

3-мәселе бойынша бастауыш әдіс бірлестік жетекшісі Хасенова Амангүл білімдегі олқылықтардың орнын толтыру, үлгерімі нашар оқушылармен жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Үлгерімі төмен оқушыға жеке дәптер арналып, деңгейіне сай тапсырмалар беріліп, жұмыстар жүргізілсін.

4-мәселе бойынша бастауыш әдіс бірлестік жетекшісі Хасенова Амангүл «Үздік педагог», «Педагогикалық идеялар фестивалі», «Педагогикалық оқу» байқауына қатысушылар кестесімен таныстырды. Педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілігін арттыру — білім беру мен оқытудың сапасын арттыру үшін соның алға қойған кәсіби біліктілік, дағдыларын және құзыреттілігін жаңарту, сондай-ақ қолдау, кеңейту, тереңдету және жетілдіруге мүмкіндік беретінін айтып өтті.

Қаулы:

1. ТЖБ бойынша Модерация жасау, 3-тоқсанның қорытындысы және жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Ғылыми жобаға жан-жақты дайындықты күшейту.
3. Үлгерімі төмен оқушымен тығыз жұмыс жасау қадағалансын.
4. Байқауға қатысушы мұғалімдерге нұсқау, әдістемелік көмек берілсін.

Әдіс бірлестік жетекшісі: А.Хасенова